Тексерілді:
Оқу ісінің орынбасары

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ » КММ
Мектепалды «А» сыныбы
Жоспардың құрылу кезеңі **2024 жыл 08-12 қаңтар**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **«Алуан түсті көңіл-күй»** ойыны<br>Мақсаты: баланың көңіл-күйін қадағалау,ойын арқылы көтеру,баланың үнін есту.<br>Шарты: сары-ойын ойнағым келеді,көңіл-кйім жақсы:<br>жасыл-досыммен бірге ойнағым келеді;<br>көк-тыныш ,ертегі тыңдап отырғым келеді;<br>қызыл-көңіл-күйім керемет,бәріне де дайынмын;<br>сұр-не істегім келеді білмеймін,маған бәрібір.Осындай көңіл-күйді бір-бірімен үйлестіріп,күнді сәтті бастау мақсатында әдемі тілектер айтқызу.<br>**Әнұран айту** | **«Көңілді жіп»** ойыны<br>Мақсаты: жіп арқылы балалардың бір-біріне қарым-қатынасын нығайту.достығын нығайту.<br>Шарты: тәрбиеші домалақ жіпті алып шетін бір балаға беріп сенің болғаның қандай жақсы,сен ақылдысың дейді,жіпті алған бала ары қарай жалғастырып,мысалы, сен әдемісің деген сияқты сөз айтып жіпті түсірмей жалғастыру керек.Түсіріп алған бала айыбын төлейді.(би,ән,тақпақ) | **Әдемі тілекпен** қарсы алу.<br>-Үлкен болып өс!<br>-Күндей жылу шаш!<br>-Айдай әсем бол!<br>-Әрқашан жолың болсын!<br>-Денсаулығың мықты болсын!<br><br>**«Би терапиясы»** ойын<br>Шарты: Музыка басталғанда жұптасып бір-біріне алақандарын тигізеді,қайырмасы болғанда шеңбер бойымен билеп жүреді. | **«Қане,белсенді болайық!»**<br>Мақсаты: балаларды сәлемдесу түрлерімен амандастыру,жағымды көңіл-күй сыйлау.<br>Шарты:<br>-бір-біріне күлімсірей қарап,алақандарымен амандасу;<br>-оң жақ,сол жақ тізелерін түйістіріп амандасу;<br>-оң жақ,сол жақ иықтарымен амандасу;<br>-бастарын түйістіріп амандасу; | **Жылулық сәт:**<br>Әуен ойнап тұрады.<br>Көздеріңді жұмыңдар, басымызды сипаймыз және ішімізден мен өте жақсымын деп айтайық.күн шуақтанып тұр,таза ауа,терең дем аламыз.Енді көзімізді ашып,бір-бірімізге жымиып күлейік.Күні бойы осылай әдемі боп жүрейік! |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-анаға **кеңес:**<br>Жол қауіпсіздігі жайлы баламен жиі әңгімелесу керек,жүгірмеу,айналасына қарау,ережеге бағыну керектігі айтылып отырса.. | Ата – аналармен **сұхбат**. Әдептілік әліппесіне үлкен мән беруге шақыру; «Сәлеметсіз бе?», «Сау болыңыз!», «Өтінемін», «Рахмет!», т.б сиқырлы сөз екенін,яғни әдептілікке үнемі баулып отыру. | Ата-анаға **сауалнама** ұсыну:<br>Тақырыбы: «Балаңызды қаншалықты жақсы білесіз?»<br>(келер аптаға тапсырма орындау) | Ата-анамен **әңгіме:**<br>-Балаңыздың қандай әрекетіне көңіліңіз олмайды?<br>-Оның қандай шешімі бар деп ойлайсыз?<br>-Менің қандай көмегім қажет?<br>(ашық әңгіме жүргізу) | Ата –анамен **сұхбат.**<br>«Жәй балалар»<br>Бұндай балалар сезімтал болмайды,олар өте ұстамды болады. Бірақ бір нәрсеге реңжісе терең қабылдайды,сондықтан осы қалпында қабылдаған дұрыс.. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Ертегі әлемінде**<br>«Алдаркөсенің басынан кешкендері»<br>Аудиомен тыңдау.<br>Өз ойларын айтқызу. | Танымдық үстел үсті ойыны<br>**«Көлеңкесін тап!»**<br>Мақсаты: балалардың есте сақтау,көру,қабілетін дамыту.<br>Тиянақтылыққа,ұқыптылыққа үйрету. | **«Кімнің даусы?»**<br>(доппен ойын)<br>Мақсаты: жануарлардың дауысын ажырату және дұрыс атауға үйрету. | **Кітап бұрышы**<br>Мақсаты: кітапқа қызығушылығын арттыру.<br>Шарты: кітаптарды қарап,қызықты суреттерді тамашалап, алған әсерлерімен бөлісу. | **«Ажарлы қыс»**<br>Мақсаты: қыс мезгілін өз беттерінше бейнелеуге дағдыландыру.<br>Шарты: қағаз бетіне қыс мезгілін «елестете» отырып бейнелеу керек. |
| Жаттығулар кешені | Тәрбиешінің көмегімен ауызша айтуына сай дене жаттығуларын атрибуттармен орындау.(доп,жалауша,т.б)<br>**«Біздің қолдар»**<br>Қолдарымыз белде,солға бір қадам,орнымызға келеміз,солға бір қадам.(4-5 рет) | **«Иілеміз»**<br>Аяқтарымыз иық көлемінде алшақ, Қолымыз екі жақта.<br>Еңкейеміз аяқтың ұшына қол тигіземіз. (5-6 рет) | **«Микрофон»**<br>Аяқтарымыз иық көлемінде алшақ, Скакалка мойнымызда,шетінен ұстап оңға,солға бұрыламыз. | **«Бір аяқпен»**<br>Бір аяқпен тұрамыз,қолымыз белде,секіреміз.Екінші аяқты алмастырамыз,қайталаймыз (5-6 рет) | **«Доп жоғарыда»**<br>Допты екі қолмен төмен ұстап тұрамыз,аяғымыз алшақ.<br>Екі қолымызбен допты жоғары көтереміз,түсіреміз.<br>(5-6 рет) |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Тіл ұстарту жаттығуы**<br>«Р»-ға тілің келе ме?<br>Қаламқасқа «тұр»,-деші. | **Қимылды ойын:**<br>**«Кім жылдам?»**<br>Мақсаты: Түрлі-түсті стакандардан ғимарат құрастыру. | **Жұмбақ шешу**<br>Аспанда жүреді,<br>Қанатын қақпайды.<br>Жерде жүреді, | **Нейрожаттығулар**<br>Қарындаштарды саусақ ұштарымен ұстау, өз шамаларына қарай қарындаштың санын | **«Асықтарды сөреге жинастыру»**<br>Мақсаты:Ағаш сөреге асықтарды орналастыру, ойын |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қадағалау.<br>**Қазақ тілі**<br>Туған өлкенің көрнекі жерлері,әсем табиғаты, тарихи орындары<br>**Біртұтас тәрбие: Ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге атсалысу;**<br>**«Менің Отаным»**<br>Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету.<br>**Қазақстан»** сөзін басқаша қалай айтуға болады?- Отаным, туған жерім, атамекенім, туған өлкем, туған елім. Атамекен. Туған жер. Туған өлке.<br>Бұл – ең жоғары құндылықтардың, асыл ұғымдардың бірі.<br>Атамекен – туған халқының, ұлттың қасиетті мекен еткен, ата – бабаның қоныс тепкен жері.<br>Туған жер – әр адамның дүние есігін ашып, өмірге келген жері,<br>Туған өлке — ата – бабаның қоныс тепкен жері мен өмірге келген жерінің табиғат көрінісі. Адамның туған жері, өскен ортасы ерекше ыстық болады.<br>**«Менің Қазақстаным»** тақырыбында әңгімелесу, мазмұнды суреттер ұсыну.<br>Өздері тұратын өлкелері туралы диалогқа тарту.Мұражай,алаңдар жайлы түсініктерін молайту.<br>Мақал – мәтел талдау, нақыл сөздер, жұмбақтар шешу Еліміздегі көрікті жерлердің суретін тамашалау<br>**«Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?»**<br>әңгімелесу, сұрақ жауап | Ит үреді, ал қарға...(қарқылдайды)<br>Жылан жорғалайды, ал балық...(жүзеді) Қасқыр ұлиды, ал қой...(маңырайды)<br>Түйе боздайды, ал жылқы...(кісінейді) Лимон қышқыл, ал қант...(тәтті)<br>Өзен арықтан терең, ал арық...(саяз)<br>Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық... (үстелден аласа)<br>Сен аяғынмен жүресің, ал затты ұстағанда немен ұстайсың .. (қолыңмен)<br>Егер Самал үйден Айманнан бұрын шықса, ал Айман ... (кейін)<br>**Не қалай дыбыстайды?» ойыны** арқылы бастайды. Балаларға сұрақтар қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады.<br>1. Әтеш қалай дыбыстайды? – ..<br>2. Қарға қалай дыбыстайды? – .<br>3. Бұлбұл қалай дыбыстайды? –<br>. 4. Аққу қалай дыбыстайды? – 5. Торғай қалай дыбыстайды? – | болып жерде екі қолдарын тіреп жем шоқып жүреді.Боран деп белгі беренде ағаш түбіне тығылады.Тыныштады дегенде жем шоқуға қайта шығады.<br>. Қимылды ойын:<br>**«Бақалар»**<br>Мақсаты: Алаңның ортасында үлкен дөңгелек шеңбер сызады немесе дөңгелек форма етіп жуан жіп тастайды. Шеңберді жағалап дөңгеленіп тұрған балалар бақа сияқты секіреді.<br>**.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерге дыбыстық талдау<br>**«Дыбысты дұрыс тап » дидактикалық жаттығуы** – Мен сендерге буындар айтамын,сендер ауызша дыбыстық талдау жасайсыңдар.Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ще-уе, хо-йо<br>**«Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны** –<br>Тәрбиеші дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй.<br>«Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін сөз айтасыңдар және ауызша дыбыстық талдау жасаймыз..<br>Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал | Ән сипатына қарай би қимылын орындау.<br>**Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>**Біз, біз, біз!**<br>Апа, апа бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Әке, әке бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Ағатайым бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Қарындасым бұл сен бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Біздер тату жан ұя<br>**Иә, иә, иә!**<br>**БИ БИЛЕЙІК.**<br>Би билегім келеді<br>Бірақ қалай бастаймын.<br>Бірі анда, бірі мұнда<br>Өзіңді - өзің Б ас аяқты топ – топ – топ Ша палақта көп – көп<br>Бір анда, бір мында Өз іңді - өзің айнала.<br>**Қимылды - әуен ойындары Лавата.**<br>Көңілді билейміз біз тра – та-та, тра – та – та<br>Сүйікті биіміз бұл лавата лавата.<br>Менің қолым әдемі,Әдемі, А л көршінікі одан да әдемі.<br>(қолдарынан ұстап шеңбер бой ымен жүріп айтылады.<br>Жүргізуші әр шумақтан соң де не мүшелерін атап отырады (басы әдемі, аяғым әдемі т.б)<br>**ОЙЫН**<br>Егер өмір қызық болса, былай і сте<br>(қол шапалақтау)<br>Егер өмір қызық болса, былай і сте<br>(қол шапалақтау)<br>Егер өмір қызық болса,<br>Әрқашан да бақыт болсын<br>Әрқашан да бақыт болсын<br>Былай істе | таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру.<br>Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету.<br>Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру.<br>Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**Біртұтас тәрбие: Ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу**<br>**«Нан дастарханға қалай келеді?»**<br>**Мақсаты**:Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.Сөздік қ орын толықтыру:майдалау,себу, диқаншы,комбайын,элеватор,ди ірмен.<br>**Ойын шарты**:Жүргізушінің бел гісінен кейін бос тор көздерді жарыса отырып,қажетті суретте рмен толықтыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар (жұппен)<br>**"Түсіріп алма»**<br>Қазақша малдас құрып отыру,Доп қолда.Допты жоғары көтеру,<br>Қолды бүгіп,бастан асыру.<br>Допты жоғары көтеру<br>**2. "Допты бастан асырып ұстау»**<br>Тізерлеп отыру,доп төменде,допты көтермелеп қолды алдыға созу.Қалыпқа келу.<br>**«Еңкею»**<br>Кілемге отыру, аяқ алшақ,доп ұстаған қолды бүгіп,кеуде тұсында ұстау.<br>Алға оң(сол) аяққа шалу,қолды түзу ұстау.Қалыпқа келу.<br>**«Дайын бол» ойыны** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (әр шумақтан соң қимыл өзгеріп отырады, басты ию, жүру, секіру, ырғалу т.б) | Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс-қимылмен көрсетеді.<br>Мысалы: қоян-секіреді, құс-ұшады т.с.с |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. |
| Серуен | Қардағы іздерді бақылай білу Бақылау Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі крест сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілдерін дамыту.. | Қар басуын бақылау Балаларға қар басуы жөнінде түсініктеме беру. Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру, айнала қараңғыланады және қар түсе бастайды; аспаннан жапалақтанған тасқыны ұшқандай сезіледі (ұлпа, ақ, жеңіл).Жан-жағымыз қозғалысқа толған және тыныштық .Қар, жүн көрпесі секілді, жерді қымтайды. Қар кесектелген немесе жеке қыршақталған секілді жауып тұр ма, соны ажырата білуге үйрету. Сөйлей білуді, ойлауды, елестетуді дамыту.Жансыз табиғаттың құбылысына қызығушылығын тәрбиелеу.Ауа-райы әсемдігіне эстетикалық қарым-қатынасты тудыру. | Тайғанақты бақылау. Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Тез жылынғанда аяз соғады, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында құрылатын. Тайғанақпен қалай күресуді айту. Тайғанақ кезінде өзін дұрыс ұстай білуді үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылауда ынтасын дамыту. | Қаңтарда күн көбейеді,айқын жарқырайды, бірақ күннің көзі жылытпайды, ең күшті аяздар тұрады, барлығы қармен жабылған, ағаштарға қырау тұрады. Ақпанда күшті жел соғады, боран болады: ақпан айының соңында күннің қосылғаны байқалады, ең алғашқы мұздар пайда болады, күннің көзі жан-жағына шуағын шашады. Қыс табиғатының әсемдігіне, сүйіспеншілікке тәрбиелеуге талаптандыру | Аула сыпырушының еңбегін бақылау Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула сыпырушы көмектесті. Балалардан аула сыпырушының жаздағы жұмысқа қарағанда қыстағы жұмысының ерекшелігі неде екенін сұрау.Аула сыпырушының қар тазалау кезіндегі саймандары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы білімдерін кеңейту.<br>Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбектенуге тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу,ойындар | **«Жалпы атауын ата»**<br>**Мақсаты:**Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>**ойын барысы: Балаларға** әртүрлі суреттер беріледі,сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы:ыдыстар,ойыншықтар, жануарлар. | **Тіл ұстарту жаттығулары**<br>Қыс туралы<br>Ыс – ыс – ыс,<br>Келіп жетті қыс. Ар – ар – ар, Жауады қар. Яз – яз – яз<br>Сақылдаған сары аяз.<br>Ран – ран – ран,<br>Соғады боран.<br>На – на – на,<br>Зулайды шана. | **Артикуляциялық жаттығулар:**<br>«Кесе» - ауызды кең ашып, жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп, 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеуі керек.<br>«Сағат» - тілді ауыз қуысынан шығарып жіңішкертіп ұстап, оңға, солға қимылдату керек. | **«Вагондарға дөңгелек таңдау»**<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. | **«Тәулік бөліктері »**<br>Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер<br>Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Жеке баламен жұмыс:<br>Ұсақ қол моторикасын дамыту. | Көп сөйлемейтін баламен жұмыс:<br>Ертегі тыңдау.<br>Ертегі желісі бойынша диалогқа тарту. | Жеке баламен жұмыс:<br>Қайшыны дұрыс ұстауға үйрету. | Жеке баламен жұмыс:<br>Түстерді ажырата білуге үйрету. | Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды үйрету. . |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістігі туралы айту<br>Жолдан абайлаңыз! Кеңестер айту | Ата аналарға қауіпсіздік ережесі туралы кеңестер беру | Балалардың жеке бас тазалығы жөнінде сөйлесу | Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауды ескерту |

Сканировано с CamScanner